



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АУҚЫМЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

Жұмахан Салтанат Абдумаханқызы

Salta.333.ru@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Туризм кафедрасының


4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Муталиева Л.М.

Қазіргі таңда мейрамхана бизнесі кәсіпкерліктің бір саласы ретінде күннен күнге дамып келеді. Бұл бизнестің өзге түрлері, түрлі бағыттары пайда болып қалыптасуда. Алайда, қызмет көрсету сапасына келетін болсақ ауыз толтырып айта алмаймыз. Себебі, жағдай мәз емес. Мейрамханалық кәсіптің дамуы өзекті мәселеге айналғаны айтпаса да түсінікті. Себебі Астана қаласында қызмет көрсету саласы, оның ішінде қоғамдық тамақтандыру саласы өте жоғары қарқынмен дамып келеді. Үш-төрт жылдың ішінде көптеген мейрамханалар мен дәмханалар ашылып, сәтті жұмыс істеуде. Ал бұл өз кезегінде қоғамдық тамақтану саласына сұраныстың барлығын дәлелдейді. Сұранысқа әсер ететін факторлар – ол халықтың табыс деңгейінің жоғарылауы, халықаралық интеграцияның дамуына байланысты елімізге шетел азаматтарының сапар шегіп келуі және де үй атмосферасы сыртында дем алуға деген қажеттіліктің болуы. Мейрамханалық бизнес тартымды әрі перспективті: мейрамхананың орны мен әзірлейтін тағамдарын дұрыс таңдау, атмосфера және білікті ұйымдастырылған қызмет көрсетунарықты тартуға мүмкіндік береді және жоғары пайда мен инвестицияларды қамтамасыз етеді.

Мейрамхана тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғарғы деңгейін ұйымдастыруды, күрделі дайындалатын аспаздық тамақтардың кең ассортиментін дайындауды ұйымдастыратын кәсіпорынның ерекше типі болғандықтан, бұл қызық та қиын сала. Кәсіптің бұл түрімен, яғни мейрамхана ісімен айналысатын кәсіпкерлер үшін ең маңыздысы – қонақтар, мейрамхана тұтынушылары. Ал сырттан келген адам мейрамхананың қызмет көрсету сапасына, тағам түрлеріне, мейрамхананың ішкі көрінісіне, орналасу орнына ерекше мән береді. Соның ішінде қызмет көрсету сапасының орны ерекше деп айта аламыз. Себебі, бұл сала қызмет көрсетумен тығыз байланысты болып есептеледі. Тұтынушылардың қызмет көрсету сапасына ерекше мән беруі де сондықтан.

Мейрамхана күрделі дайындалған тағамдардың өте кең ассортиментінің бар болуымен анықталады және мейрамхана демалуды, ойын-сауықты ұйымдастыруды үйлесімділігі бар жоғары қызмет көрсету деңгейін қамтамасыз ету қажет [1]. Сол себепті де мейрамхана бизнесі кәсіпорындарында қызмет көрсету ауқымын оңтайландырып, сапасын арттыру керек.



Сурет-1. Мейрамханада назар аударылатын факторлар




Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, қонақ мейрамхананың тамағына ғана емес, өзге де нәрселерге ерекше мән береді. Соның ішінде ерекше атап айтатын болсақ, атмосфера, қызмет көрсету сапасы, баға, орналасу орны және тағы да басқа. Қазіргі таңда «Қонақтікі әрдайым дұрыс» деген сөз тіркесті жиі естиміз, яғни қонақтың көңілінен шығу үшін барлық жағдай жасалады. Алайда, әр адам әртүрлі. Барлығының көңілінен шығу мүмкін емес. Десек те, жоғарыда көрсетілген мейрамханада назар аударылатын негізгі факторларға сүйене отырып, тұтынушыға жақсы жағдай жасауға болады.

Кәсіпорын типін анықтау барысында жүзеге асыру ассортиментімен қатар келесі факторлар ескеріледі:	
1	кәсіпорын техникалық жабдықтаушы, оның материалдық базасы, қондырғылар, орналасудың
2	құрамы, интерьердің архитектуралық шешімі
3	кәсіпорында қолданылатын қызмет көрсету әдісі және формасы
4	персоналдың біліктілігі
5	қызмет көрсету деңгейі және сапасы
6	ұсынылатын қызмет көрсету номенклатурасы

Кесте-1. Кәсіпорын типін анықтау барысында ескерілетін факторлар

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, кез келген кәсіпті ашу барысында қызмет көрсету деңгейі мен сапасы басты назарда ұсталынады. Сәйкесінше, көрсетілген қызмет түрлері мен сапасына байланысты оларды бірнеше санаттарға бөліп қарастыруға болады.

Мейрамхана, барлар қызмет көрсету деңгейі, материалды – техникалық жабдықталу ұсынылатын қызмет көрсету номенклатурасы бойынша 3 классқа бөлінеді:

-  1. Люкс.
-  2. Жоғары.
-  3. Бірінші.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны тұтынушыларға келесі қызмет түрлерін ұсынады:	
1	тамақтандыру
2	кулинарлық өнімді дайындау
3	қызмет көрсетуді ұйымдастыру
4	кулинарлық өнімді жүзеге асыру
5	бос уақытты ұйымдастыру

Кесте-2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны тұтынушыларға ұсынылатын қызмет түрлері

Кестеде көрсетілгендей, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары тұтынушыларға көптеген қызмет түрлерін ұсынады. Ұсынып қана қоймай, сол көрсетілген қызметтің сапасын жақсарту басты мақсат болып табылса, онда кәсіпкерлік алға басатын еді. Сапаны жақсарту үшін, ең алдымен – білікті мамандарды даярлау қажет. Екіншіден, халықаралық тәжірибе алмасу барысында студенттерді шетелдерге жіберу керек. Үшіншіден теория жүзінде оқытылатын ескі ақпараттарды жаңартып, практикада көп қолдана алатындай жағдай жасау керек.

Қазіргі уақытта кейтеринг мейрамханалық бизнес дамуының талап етілетін және перспективті бағыты болып табылады. Вокзал және аэропорт негізінің мейрамханалар жолаушылық, көлік жүру жолында кулинарлық өнімді жеткізу мен және тұтынушыларға қызмет көрсетумен айналысады. Қонақ үй негізіндегі мейрамханалар кулинарлық өнімді қонақ үй нөміріне жеткізу бойынша қызмет көрсетеді. Мейрамханада үстелді бронирлеу бойынша қызмет көрсету жүзеге асырылады. Тапсырыстық қабылдау телефон және тікелей контакты бойынша жүзеге асырылады. Мейрамхана, бар және дәмханада келушілерді демалысын ұйымдастыруға үлкен көңіл бөлінеді.

Менің ойымша, мейрамхана бизнесі кәсіпорындарында қызмет көрсету ауқымын оңтайландыру және жобалау үшін, ең алдымен – білікті мамандарды даярлау қажет. Мамандарды дайындау барысында өзге елдермен тәжірибе жұмыстарын жүргізген тиімді деп есептеймін. Сонымен қатар, жлғары оқу орындарында тәжірибелік сабақтар университет қабырғасынан тыс болса екен деп ойлаймын. Ол болашақ маманның жан-жақты әрі білікті болуына өз септігін тигізеді. Қорытындылайтын болсақ, мейрамхана ісі кәсіпкерліктің ерекше түрі. Бұл бизнесті жүзеге асыру және оңтайландыру үшін жоғарыда айтылған ұсыныстарға мән беру керек деп ойлаймын. Мейрамхана бизнесі кәсіпорындарында қызмет көрсету ауқымын оңтайландыру және жобалау оңай шаруа емес. Сәйкесінше, ол біраз уақытты талап етеді. Егер де білікті мамандар барлық талаптарға сай қызмет көрсететін болса, онда мейрамхана ісі алға басады деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғаламтор желілері: www.ablaikhan.kz, www.alashainasy.kz
2. [Эгертон-Томас Кристофер](#) – Ресторанный бизнес